**Бекітемін**
"Алматы облысы білім басқармасының
Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің "Нұр-Бөбек"
бөбекжай-балабақшасы" КМҚК
меңгерушісі __________ Н.Кошакпаева
"16" ______ 2024 жыл

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған І-деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық ұйымдастырылған іс-әрекеттің 2024-2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспары**

**Логопед: Л.Масимбаева**

## Түсінік хат

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған І-деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы сөйлеу тілінің даму кезеңдері мен логопедиялық диагностиканың нәтижелерін негізге ала отырып құрастырылған. Перспективалық жоспардағы лексикалық тақырыптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнынан алынды. Түзете-дамыту жұмыстарының әдістемесі келесі бағыттардын тұрады:

*Сөйлеу тілін түсінуін дамыту:*

- Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру;
- Сөздердің жалпылама мағынасын түсінуін қалыптастыру;
- Сұрақтарды ажырата қабылдау (Кім?, Қайда?, Кіммен?);
- Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажырата алуды дамыту;
- Әр түрлі іс-әрекеттердің мағынасын түсінуді дамыту;
- Заттық және сюжеттік суреттер бойынша қарапайым сұрақтарды түсінуін қалыптастыру;
- «бір-көп» түсінігін сәйкестендіре алуды қалыптастыру;
- жекеше және көпше түрдегі зат есім мен етістіктерді түсіне алуды үйрету;
- зат есім және етістіктердің жекеше және көпше түрдегі грамматикалық категорияларын түсінуді қалыптастыру

*Белсенді сөздік қорын дамыту:*

- Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту;
- Бір буынды, екі буынды сөздерді айта алуды дамыту;
- Етістіктер сөздігін кеңейту;
- Екі сөзден құралған сөйлемдер құрауға үйрету (Атау септігіндегі зат есім + Қайда?);
- етістіктер жұбын айту кезінде 3-ші жақтың осы шақтағы жекеше түрдегі ашық рай формасындағы етістіктердің дыбыс буындық құрылымын жаңғыртуға үйрету:
- Суреттер бойынша сөз тіркестерін сын есім + зат есім; зат есім+етістік сызбалары бойынша құрастыруды үйрету;
- Сұрақтарға қысқа сөз тіркесімен немесе 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлеммен жауап бере алуды қалыптастыру;
- Заттарды сипаттау үшін сын есімдердің көмегімен түсін, көлемін, дәмін атай алуды дамыту;
- «Үстінде» және «жанында» үстеулерін қолдануды үйрету;
- Қарапайым сұрақтарға жауап бере алуға оқыту;

*Фонематикалық қабылдауды дамыту:*

- тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырата алуды тәрбиелеу;
- карапайым артикуляциялық жаттығуларды орындауды үйрету;
- дұрыс айтылатын дыбыстардан құралатын, ашық және жабық буынды бір,екі буынды сөздерді айта алуға үйрету.

*Коммуникативтік дағдыларды дамыту:*

- ситуативті-іскерлік карым-қатынас түрінде вербалды және вербалды емес құралдарды жаңғыртуға және қабылдай алу икемділігіне оқыту;
- ойын жағдаяттарын қолдана отыра, вербалды айқын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасқа оқыту;
- қатынас орнатушы сұрақтарды қолдануды және түсіне алуды оқыту;
- мимика және пантомимика көмегімен достық сезімін білдіру, сыпайы түрде өтіну, алғыс білдіру формулаларға үйрету.

**Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру:** Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту, есту және көру зейінін дамыту, есте сақтауын дамыту, ойлау операцияларын дамыту, кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту; артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту, қолдың ұсақ моторикасын және саусақ қимылдарының тепе- теңдігін дамыту.

| Айы | апта | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **1-2 апта** | **Диагностика** | **1-15 қыркүйек аралығында кешеді диагностикалау** |
| | 3 апта | Сөз түсінігін дамыту | - балалардың сөйлеуді тыңдау қабілетін дамыту; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту (қоршаған ортадағы дыбыстарға еліктеу);<br>- «Отбасы » лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Фонематикалық қабылдауды дамыту | - Тілдік емес дыбыстарды ажырата алуға үйрету; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Тыныс алуды қалыптастыру;<br>- Артикуляциялық аппатартты дамыту; |
| | 4 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту (қоршаған ортадағы дыбыстарға еліктеу);<br>- «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Фонематикалық қабылдауды дамыту | - Тілдік емес музыкалық аспаптардың дыбыстарды ажырата алуға үйрету; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Заттарды суреті немесе кескіні бойынша жылдам тануға үйрету;<br>- Дауыс ырғағын дамыту; |
| Қазан | 1 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Сөздердің жалпылама мағынасын түсінуін қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту (жануарлардың дыбыстары арқылы);<br>- «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Фонематикалық қабылдауды дамыту | - Тілдік дыбыстады ажырату; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын дамыту;<br>- Артикуляциялық аппаратты дамыту; |
| | 2 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Заттық және сюжеттік суреттер бойынша қарапайым сұрақтарды түсінуін қалыптастыру; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Жақын отбасы мүшелерін атауды үйрету; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Естіп қабылдауын, есту зейінін дамыту;<br>- Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту;<br>- Фонематикалық қабылдауды дамыту |
| | 3 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Атау септігіндегі зат есімдердің жекеше және көпше түрін ажырату; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру;<br>- «Орман. Саңырауқұлақ. Жидектер.» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Естіп қабылдауын дамыту;<br>- Көріп қабылдауын дамыту; |
| | 4 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Бір немесе бірнеше адамға айтылған сөзді естіп ажырату (отыр - отырыңдар) дағдыларын дамыту; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Бұйыру сөздерін қолдануды үйрету: бер, ал.<br>- «Ойыншықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту;<br>- Тыныс алуын дамыту; |
| Қараша | 1 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Кім? Не? сұрақтарын ажырату; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Заттарға көрсету, нұсқауды қолдануын үйрету: әне, міне, мынау.<br>- «Дене мүшелері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту |
| | 2 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Қайда? Кіммен? сұрақтарын ажырату |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Заттарға қарап сұрақ қоюды үйрету;<br>- Киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 3 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Жанама септіктердің мағынасын түсіну дағдыларын дамыту; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Аяқ-киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Еліктеу арқылы етістіктерді қолдануын дамыту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 4 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Әр түрлі іс-әрекеттердің мағынасын түсінуді дамыту;<br>- Қарапайым себеп салды байланыстарды белгілеу (жаңбыр – қолшатыр); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Азық-түлік» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| Желтоқсан | 1 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Жекеше түрде өткен шақ етістіктерінің категорияларын түсінуге үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Пайдалы және зиянды тағамдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Тыныс алуын дамыту; |
| | 2 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Ауызша сипаттамасы бойынша заттарды, ойыншықтарды, жануарларды, құстарды болжауға үйрету |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық | - «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құрылымдарын дамыту | |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Танымдық аймағын дамыту; |
| | 3 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Ересек адамның өтініші бойынша аталған әрекеттерді орындау үшін заттарды таңдауға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Танымдық аймағын дамыту; |
| | 4 апта | Сөз түсінігін дамыту | - Себеп-салдарлық байланыстарды (қар — шана, коньки, ақшақар) анықтауға үйрету. |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Қыстық мерекелер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Дауыспен жұмыс; |

Педагог-логопед: Л.Масимбаева

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қаңтар | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сөйлеу тілінің буындық құрылымын дамыту;<br>- Бір буынды сөздерді айта алуды дамыту;<br>- «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 2 апта | Сөз түсінігін дамыту<br>Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Екі буынды сөздерді айта алуды дамыту;<br>- Сөйлеу тілінің буындық құрылымын дамыту<br>- «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту;<br>- Бір тыныста бөлмей айтуға үйрету; |
| | 3 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Үш буынды сөздерді айта алуды дамыту;<br>- Сөйлеу тілінің буындық құрылымын дамыту;<br>- «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 4 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді пайдалануды үйрету (үй - үйшік, көл – көлшік);<br>- Теңіз мекенетушілері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту;<br>- Танымдық аймақтарын дамыту; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ақпан | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Іс-әрекет мағынасы және белгілері бойынша қарама-қарсы әрекеттерді ажырата алуға үйрету (аш – жап);<br>- «Мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту;<br>- Зейіні мен есте сақтауын дамыту; |
| | 2 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Заттарды сипаттау үшін сын есімдердің көмегімен түсін, көлемін, дәмін атай алуды дамыту;<br>- «Мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту; |
| | 3 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Етістіктер сөздігін кеңейту;<br>- Етістіктердің формасын алмастыру: бұйрық райынан үшінші жақтағы ашық райға (ұйықта – ұйықтап жатыр);<br>- «Көлік түрлері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту |
| | 4 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Өткен шақтағы етістіктердің грамматикалық мағынасын ажырата алуға үйрету (Қоянның інінен шыққан суретін көрсет);<br>- «Көліктегі мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Наурыз | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Үстінде» және «жанында» үстеулерін колдануды үйрету;<br>- «Менің көшем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Танымдық аймағын дамыту; |
| | 2 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Буындарда, сөздерде және сөз тіркестерінде ерте онтогенездегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды айту дағдыларын дамыту;<br>- «Көктем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық кабылдауды дамыту; |
| | 3 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Міне», «Бұл», «Мұнда» есімдіктерінің (есімдік тектес үстеулердің) мағынасын түсіну және қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>- «Наурыз мерекесі» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Танымдық аймақтарын дамыту; |
| | 4 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Суреттер бойынша сөз тіркестерін (сын есім + зат есім) құрастыруды үйрету;<br>- «Ыдыстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту;<br>- Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл~қозғалысын дамыту; |
| Сәуір | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сұрақтар бойынша сөз тіркестерін құрастыра алуды қалыптастыру. «Қандай?»;<br>- «Менің үйім» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін | - Фонематикалық кабылдауды дамыту |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру және просодиканы дамыту | |
| | 2 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Суреттер бойынша сөз тіркестерін зат есім+етістік құрастыруды үйрету;<br>- Етістіктер сөздігін кеңейту;<br>- «Жиһаздар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 3 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Жай сөйлемдерді түсіне алуды дамыту: «бастауыш+толықтауыш+баяндауыш»;<br>- «Гүлдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту |
| | 4 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Екі сөзден құралған сөйлемдер құрауға үйрету (Атау септігіндегі зат есім + Қайда? Мысық міне);<br>- «Мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту;<br>- Фонематикалық қабылдауды дамыту |
| Мамыр | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Қаратпа сөз + бұйрық райдағы етістік» типіндегі қарапайым сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру («Әсел ұйықта»);<br>- «Менің Қазақстаным!» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 2 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сұрақтарға қысқа сөз тіркесімен немесе 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлеммен жауап бере алуды қалыптастыру;<br>«Туған өлкем»» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін калыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп кабылдауын, естіп кабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |